

8 Тарау. ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕР ЖӘНЕ ОНЫ ТӨМЕНДЕТУ ӘДІСТЕРІ

8.1 Валюталық тәуекелдер мінездемесі

Валюталық тәуекелдің шет ел валютасы курсының өзге ел валютасына қатысты өзгерісіне, соның ішінде, ұлттық валютаға, сыртқы экономикалық, кредиттік және басқа да валюталық операцияларды өткізу кезеңіне қатысты қаупі бар.

Валюталық тәуекел, немесе курстық жоғалтулар тәуекелі, банктік операцияларды нарықтық интернационализациялаумен, трансұлттық кәсіпорындарды және банктік мекемелерді құрумен және де олардың қызметтерін диверсификациялаумен байланысты, және валюта бағамының өзгерісі нәтижесінде жоғалту мүмкіндігі бар.

Өзгермелі валюта бағамы енген кезде валюталық тәуекелді басқару мүмкіндіктері 70-ші жылдардың басында бірінші рет қарастырылған болатын.

Валюталық тәуекелдер мынадай құрылымдардан тұрады:

а) Коммерциялық, яғни борышкердің өз міндеттемелерін өтеуді қаламауына немесе өтеу мүмкіндігінің болмауына байланысты;

б) Конверсиялық, яғни нақты операцияларға қатысты валюталық шығынның тәуекелдері. Бұл тәуекелдер нақты мәмілелер тәуекеліне негізделеді. Конверсиялық тәуекелді төмендетудің кең тараған әдістері:

- Хеджирлеу, яғни әрбір тәуекелді мәмілеге өтемелі валюталық позиция құру. Басқаша айтқанда, бір валюталық тәуекелдің өтемі- табыс немесе шығынның – өзге сәйкес тәуекелмен.

- Валюталық своп, екі түрі бар. Біріншісі параллельді кредит рәсімдеу, яғни әр ел валютасымен екі жақ екі елде бірдей мерзіммен және бірдей өтеу әдістерімен кредит рәсімдеу. Екінші түрі- екі банк арасындағы валютаны «спот» келісімімен сату немесе сатып алу және алдын ала мәмілені келісілген уақыт бойынша белгіліленген «спот» келісімімен қарастыру. Параллельді кредит рәсімдеуге қарағанда, своптар өтем пайыздарын қоспайды.

- «мэтчинг» әдісі, актив пен пассив бойынша екіжақты сынақ, жылыстау көлемінен шегерім жолымен банк басқармасы оның көлеміне әсер ету мүмкіндігіне ие болады.

Өзге трансұлттық банктер «неттинг» әдісін қолданады, яғни валюталық мәміле көлемін максималды түрде қысқарту арқылы ірілендіру. Бұл мақсатқа жету үшін банктік мекеме бөлімшелерінің қызметтер үйлестігі жоғары деңгейде болуы керек.

в) трансляциялық (бухгалтерлік) тәуекелдер, шетел филиалдарын клиенттерін, контрагенттерін «Кірістер мен Шығындар» шотының актив пен пассивтерінің балансы жағдайын асыра бағалау кезінде болады. Бұл тәуекелдер өз кезегінде валютаны қайта есептеу таңдауына, тұрақтылығына, өзге де факторларға байланысты. Қайта есептеу трансляция (қайта есептеу мерзімі мен ағымдағы валютамен) әдісі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін немесе тарихи әдіс бойынша (нақты операция уақыты мен бағамымен). Кейбір банктер ағымдағы курс бойынша барлық ағымдағы операцияларды ескереді, ал ұзақ уақытты операцияларды тарихи әдіс бойынша; өзгелер қаржылық операциялардың тәуекел деңгейін ағымдағы бағам бойынша талдайды, басқалар тарихи бойынша; үшіншілері екі есеп әдістің бірін таңдап, соның көмегімен барлық тәуекелді операцияларының жиынтығын бақылап отырады. Валюталық тәуекелдерді трансляциялық басқару әдістері ішкі және сыртқы болып бөлінеді. Олар банк қызметінің және банктік мекемелердің стратегиясын айқындау үшін және сондай ақ, тактикалық бағдарламаларды жасау үшін қолданылады.

8.2 Валюталық тәуекелді төмендету әдістері

Сыртқы әдістерге сыртқы клиенттердің және контрагенттердің шетел валютасында төлемдерін жеделдету немесе саябырлату, сол сияқты монополиялық білімдерге де қатысты;

Бас банк пен оның филиалдарының арасындағы төлемдерін қадағалау;

Валюталық тәуекелден қорғау стратегиялық жоспары активті баға саясатымен, түрлері мен сақтандыру құнымен, сақтандыру компанияларының сенімділігімен банктің өзі, сондай ақ оның клиенттері мен контрагенттері тығыз байланысты.

Одан басқа, барлық үлкен банктер өз валюталық операциялар портфелін активтер мен пассивтерін валюта түрі мен мерзімі бойынша теңдестіре отырып, белгілі бір нысанға келтіруге тырысады. Негізінен барлық сыртқы валюталық басқару әдістері диверсификациялауға бағытталған. Бұл мақсатта мынадай жедел валюталық операциялар қолданылады: форвардтық, фьючерстік, опциондық (банкаралық нарықта да, биржада да). «Спот» валюта (жай немесе екікүндік есеппен), «своп» (спот/форвард, спот әртүрлі банктер арасында) немесе «форвард» («аутрайт» банк пен клиент арасында) жағдайында сатылады.

г) форфетингтеу тәуекелі, форфетер (көбінесе банк болады) экспортердің барлық тәуекелін регресс құқығынсыз өз мойнына алады.

Әйтсе де, форфетингтеудің (коммерциялық тәуекелді қайта қаржыландыру әдісі), соның көмегімен тәуекелдің деңгейін төмендетіп өз артықшылығы бар

- мүмкін міндеттемелердің баланстық қатынасын ықшамдау;
- өтімділік жағдайын (уақытша болса да) жақсарту, бұл болашақта қаржылық тұрақтылықты қалыптандыру мүмкіндігін береді;
- мүмкін болатын жоғалтулар мен қиындықтарды сақтандыру жолымен төмендету.

Бақылау сұрақтары

1. Тәуекелдің белгіленген деңгейінің пайда болу ықтималдылығында қисықтық қалай құрылды?

2. Шығынның пайда болу ықтималдылығының қисықты негізінде белгілі интервалда болатын сома шығынының ықтималдылығын қалай бағалауға болады?

3. Шығын аймағын белгілеуші көрсеткіші ретінде не қарастырылады?

4. Лоренц кестесі негізінде тәуекел деңгейі қалай белгіленеді?

5. Валюталық тәуекелді төмендету әдістері қандай?